

“Ел-жұрттың пікірі ескеріледі”, – деді депутаттар

Таяуда ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Нұрлан Әбдіров пен экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі Серікжан Қанаев М.Өтемісов атындағы БҚМУ мен Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың ғалымдары, оқытушылары және студенттермен кездесті. Кездесуге «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Кенжебай Нығмет қатысты.

БҚМУ-дағы кездесуді аталмыш жоғары оқу орнының ректоры, профессор, академик А.Иманғалиев ашып, жиналғандарды құрметті қонақтармен таныстырды. «БҚМУ-дың кешегісі, бүгінгісі және келешегі» атты деректі фильм көрсетілді. Сонан соң депутат Серікжан Қанаев, ең алдымен, Елбасымыз Н.Назарбаевтың “Қазақстан – 2050” стратегиялық Жолдауына тоқталып, аса маңызды құжаттан туындайтын міндеттерді атап көрсетті.

- Қазақстан Республикасы жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орынға ие. Отанымызда 17 миллион адам ұлты, нәсілі және тегіне қарамастан, тату-тәтті өмір сүруде. Халқының саны жөнінен жер бетінде 63-орынды иеленеміз. Біз қазіргі елде қалыптасқан ынтымақ пен татулықты көздің қарашығындай



Суретті түсірген Рафхат Халелов

сақтауымыз керек. Сонымен бірге Отанымыз қазба байлықтарға аса бай. Бүгінде Қазақстан 30 елге астық сатады. Мемлекеттің бар әлеуетін, соның ішінде аграрлық мүмкіндігін тиімді пайдалану керек. Демек, ауылды жаңғырту ісі де Елбасының да, Үкіметтің және Парламенттің де назарынан тыс қалмайды, - деді Серікжан Зияданұлы.

Депутаттың пайымдауынша, Елбасымыз Н.Назарбаевтың су, электр және өзге де қуат көздерін үнемді де ұқыпты пайдалану жөніндегі нұсқаулары өте орынды. Осыған орай еліміз «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінен басқасымен қатар, қолда барды үнемді пайдалануға мүмкіндік беретін, әлемдік жаңа технологияларды күтеді.

Аса тиімді және қолжетімді, күн мен жел қуатын пайдалануды үйреніп қана қоймай, біртіндеп кеңінен қолдануға ұмтылуымыз қажет. Тұрмыстық қатты қоқысты өңдеп, кері пайдалану да күн тәртібінен түспейді.

- Жасыратыны жоқ, Отанымыздың осы ерелі өмірін күндейтіндер іште де, сыртта да баршылық. Теріс діни ағымдардың лаңының тоқталмауы да сондықтан. Тіпті бір жынысты неке, киенкілер және өзге де ұлттық ділімізге жат көріністерді сырттан әкеліп таңумен бірге, соны жарнамалаушылар көбейіп барады. Бұл келешегіміз, жастар үшін тым қатерлі. Оларды сондай рухани және саяси арандатулардан сақтандырмай болмайды, - деді халық қалаулысы.

Сөз соңында ол зейнетақы жүйесінің экономикалық қажеттіліктен туып отырғанына түсінік берді. Депутат Нұрлан Әбдіров те әріптесінің әңгімесін толықтыра отырып, заңдылық мәселелеріне басымдық бере сөйледі.

Депутаттарға жиналғандар тарапынан көп сұрақ қойылмады. Тек ғалым Ұлдай Ержанова ғана көпшіліктің көкейінде жүрген мәселелерді ашық айтты. Біріншісі – биыл сәуірдің 15-нен бастап өңірімізде есетін тұтыну газының бағасы.

- Қызылорда облысында газдың бағасы бізге қарағанда анағұрлым арзаң табиғи байлық жөнінен сол өңірмен бірдейміз, ал бізде ол неге қымбат? - деді ол Ғалым сонымен бірге зейнет жасына қатысты

әйелдерге 58-ден кейін жұмыс істеу немесе істемеу таңдауы берілуін сұрады. Депутаттар аталмыш мәселелерді назарында ұстайтындығына сендірді.

Ал БҚАТУ-дағы кездесуді университет ректоры, профессор, академик Қазыбай Бозымов қысқаша сөз сөйлеп ашты. Сөз кезегі тиген депутат, саясаттану ғылымдарының докторы Серікжан Қанаев өзінің ғылым саласында болғанын да айта келіп, соңғы он екі жылда БҚАТУ-дың Қазақстанның Батыс өңіріндегі ірі ғылыми және кәсіптік білім беру орталығына айналғанын айрықша атап көрсетті. Сонан соң ол БҚМУ-да сөйлеген сөзінде келтірген пайымдауларын осында тағы да қайталады. Нұрлан Әбдіров болса, БҚАТУ кешенін аралаудың көңілінде жақсы әсер қалдырғанын айта келіп, аталмыш оқу орнына тың табыстар тіледі.

- Парламентте басқаларымен қатар, алдағы уақытта тегі өзгерген тамақ өнімдері туралы заң кезегін күтіп жатыр. Оның қаншалықты залалды екені көпке мәлім. Демек, осы мәселе де жан-жақты талқыланбақ. Егер елімізде халықтың денсаулығын ойласақ, таза агроэкономика басты орынға шығуы тиіс, - деп сөзін түйіндеді Нұрлан Мәжитұлы.

Басқосуда сөз алған Кенжебай Нығмет зоотехнология мамандығын қалпына келтірудің маңыздылығына тоқтала келіп, елдегі жоғары оқу орындары бір-бірімен біріктіріліп жатса, БҚМУ мен БҚАТУ-ды қалпында қалдыру керектігін, бұдан бұрынғы теріс тәжірибенің қайталанбауын сұрады. Депутаттар оны да ескеретіндігін мәлімдеді.